



Жем қаласы Бейбітшілік көшесі 7 құр-с
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru

г. Жем ул. Бейбитшилик 7 стр-е
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru

« 02 » 09 2024 ж.

№ 111/3

« 02 » 09 2024 г

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында ұлттық құндылықтарды
қалыптастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194, Ақтөбе облыстық
білім басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы № 380, Мұғалжар ауданының білім бөлімінің 2024
жылғы 04 қыркүйектегі №1-620 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепшілік тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басшылыққа алынсын.
- 1.1. Мектептің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде Білім алушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру үшін күнделікті үзіліс кезінде «Ұлттық-ойын ұлт қазынасы» ойындар ұйымдастырылсын.
- 1.2. Ойындардың өткізілуі- спорт нұсқаушысы Е.Р.Тұраққа жүктелсін.
- 1.3. Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минуттық жеке әңгімелесуді ұйымдастыру сынып жетекшілер тарапынан күнделікті ұйымдастырылсын.
- 1.4. «Үнемді тұтыну» жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды ұқыпты қарауды қалыптастыру жұмыстары сынып жетекшілері мен физика пәнінің мұғалімі М.А.Қуанышбай, жаратылыстану пәні мұғалімі С.Ж.Сырымов, биология пәні мұғалімі А.Д.Қарагуловаға міндеттелсін.
- 1.5. «Күй күмбірі» үлкен үзілісте арнайы күй тыңдату музыка пәні мұғалімі Г.Б.Босназароваға жүктелсін.
2. Әрбір дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындалсын.
- 2.1. «Аптаның дәйек сөздерін» таныстыру және орналастыру сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне жүктелсін, бақылауды жүргізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Зейнуллинаға міндеттелсін.
- 2.2. Сынып сағаты шеңберінде «Қауіпсіздік сабағын» өткізу сынып жетекшілерге жүктелсін.
3. Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс шеңберінде жүргізілетін әлеуметтік жобаларға төмендегі ұстаздар бекітілсін:
 - «Қамқор»- Г.У.Бисенова, С.Ж.Сырымов
 - «Еңбегі адал- жас өрен»- А.М.Хайруллина
 - «Шабыт»- Г.Б.Босназарова
 - «Ұшқыр ой алаңы»- Ж.Қ.Қаратай
 - «Балалар кітапханасы»- Д.С.Әменова
 - «Smart bala »-М.А.Қуанышбай
- 3.1. Әлеуметтік жоба жетекшілері іс шараларды уақытылы, шараға қатысушы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жоспарын құрып, бекітсін.
- 3.2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Зейнуллинаға жүктелсін.

Мектеп директоры

А.А.Жақасов